



МЕМЛЕКЕТТІК АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСПОРЫНДАРЫН АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ МЕНШІГІНЕ САТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
24 ақпан 1994 ж. N 216. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы
N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің
1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруды
жеделдету, ауыл шаруашылығында көп укладты экономиканы қалыптастыру
және оның тиімділігін арттыру, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті ынталандыру мен
бәсекелестік ортаны дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын азаматтардың жеке
меншігіне сату туралы Уақытша ереже" бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік
к о м и т е т і :

Ауыл шаруашылығы министрлігімен және облыс әкімдерімен келісе отырып,
азаматтардың жеке меншігіне эксперимент ретінде сатылатын
шаруашылықтардың тізбесін бір ай мерзім ішінде белгілесін;

оларды сату жөніндегі жабық коммерциялық конкурстарды үш ай мерзім
і ш і н д е ө т к і з с і н ;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен, басқа да
мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге үш жыл бойы
эксперимент нәтижелерін жыл сайын жинақтап қорытып, қорытындылар
бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар
енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 24 ақпандағы
N 216 қаулысымен

Бекітілген

**Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын
азаматтардың жеке меншігіне сату туралы
УАҚЫТША ЕРЕЖЕ
(I кезең)**

1. Ережеде мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын азаматтардың жеке меншігіне сатудың шарттары белгіленген.

2. Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық білімі, ауыл шаруашылығында кемінде 5 жыл практикалық жұмыс стажы бар азаматтары сатып ала алады.

3. Азаматтардың жеке меншігіне ең алдымен үнемі шығынмен жұмыс істейтін мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары сатылуға тиіс.

4. Нақты мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорнын азаматтардың жеке меншігіне сатуды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және облыс әкімдерімен келісе отырып жүзеге асырады.

Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын азаматтардың жеке меншігіне сату жабық сауда түрінде жүзеге асырылады.<*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.25.

№ 507 қаулысымен.

5. Мүлік Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 30, 353-бет) бекітілген агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің тәртібіне сәйкес бағаланады.

6. Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорнын азаматтардың жеке меншігіне сатуға әзірлеу жұмысын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті құратын комиссия жүргізеді.

Комиссия меншік иесінің, жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпорын әкімшілігінің, оның еңбек ұжымының, қаржы органдарының және банктің өкілдерінен құрылады. Комиссияның төрағасы болып Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің өкілі тағайындалады.

7. Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорнының мүлкін сатып алу мынадай ретпен жүзеге асырылады.

Еңбек ұжымының мүшелері, осы кәсіпорыннан зейнет демалысына шығып, оның аумағында тұратын адамдар, сондай-ақ әлеуметтік сала қызметкерлері әркімнің мүліктік үлесінің белгіленуін ескере отырып, мүліктің сатып алынатын бөлігінің 49 процентін сатып алуға құқылы.

Сатып алушы шаруашылық мүлкінің сатып алынатын бөлігінің 20 процентін жабық саудада 3 жылға дейінгі мерзімге бөліп-бөліп төлейтіндей етіп сатып алып, оның құнының кемінде 30 проценті мөлшерінде бастапқы жарна төлейді.<*>

Ал сатылатын мүліктің қалған 31 процентін Сатушы Сатып алушының уақытша пайдалануына 5 жылдан аспайтын мерзімге береді. Мүліктің осы бөлігіне шартты негізде пай дивиденді белгіленеді. Осы мерзім ішінде тиімділік артып, ауыл шаруашылық өнімі өндірісінің тұрақты көлеміне қол жеткен жағдайда меншік иесінің шешімі бойынша мүліктің мемлекеттік үлесі Сатып алушыға сатылады. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Алтын акция" енгізу құқын өзінде сақтайды. Бұл жағдайда мүліктің тегін берілетін бөлігі Сатып алушыға және еңбек ұжымының мүшелеріне үлесіне сәйкес беріледі.

Мемлекеттік мүліктің еңбек ұжымының мүшелеріне сатылмай қалған бөлігі меншік иесінің шешімімен Сатып алушының екі жылға дейінгі мерзімде уақытша пайдалануына беріледі. Мүліктің бұл бөлігін меншік иесі жаңа шаруашылық субъектілерін (шаруа қожалықтарын, шағын кәсіпорындар, ауыл шаруашылық кооперативтерін және т. т.) құру үшін резерв ретінде пайдаланады.

Шартты жер пайлары (үлестері) мүлікті бөлгендегідей ретпен бөлінеді, яғни сатып алушы мүліктің 20 процентін, мемлекеттік меншік иесі - 31 процентін, ал еңбек ұжымының мүшелері мен әлеуметтік сала қызметкерлері - 49 процентін а л а д ы .

Мүлік және жер пайлары иелерінің ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастыру үшін шаруашылықтың кез келген нысанын таңдауға сөзсіз құқы б а р .

Мүлік пен жер пайларының иелеріне шаруашылық ішінде екі жақты уағдаластық негізінде оларды сатып алуға және беруге рұқсат етіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.25.

№ 507 қ а у л ы с ы м е н .

8. Кәсіпорындардың балансындағы халыққа білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет объектілері әкімшілік-аумақтық бірлік меншігіне беріледі.

Аталған мекемелерді ұстау меншік иесінің есебінен қамтамасыз етіледі. Қаржы жеткіліксіз болған жағдайда бұл мақсаттарға қаражат меншік иесі мен кәсіпорынды сатып алушы арасындағы, сондай-ақ сол шаруашылық аумағындағы басқа да шаруашылық субъектілерімен шарт бойынша бөлінеді.

9. Сатып алынған объектінің толық құнын төлеген Сатып алушыға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті меншік құқына кіріскені туралы мемлекеттік акті береді.

Сатып алынған объектінің толық құны төленгенге дейін Сатушы мен Сатып алушы арасында сату-сатып алу шарты жасасылып, онда:

Сатып алушыға сатып алынатын мүлікті иелену, пайдалану және басқару қ ұ қ ы н ы ң б е р і л у і ;

сатып алынатын мүліктің құрамы мен бағасы;
төлем қаражаты, төлеу тәртібі мен мерзімдері көзделеді.

Шартта жекешелендірілген мүлікті жаңа иесінің бұдан былайғы жерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін ғана пайдаланатыны жөніндегі міндеттемесі көзделуге тиіс.

10. Сатып алушы шаруашылық қызметін қолданылып отырған заңға сәйкес жүзеге асырады.

11. Жаңа меншік иесі мен қызметкерлер арасындағы еңбек қатынастары жалдау шартымен ресімделеді.

12. Жекешелендіретін мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорнының иесі меншік иесі құқына кіріскені туралы мемлекеттік акті алған сәтінен бастап жабылған кәсіпорынның мүліктік құқы мен міндеттерін, қаржыға қатысты және басқа да міндеттемелерін өзіне алады.

13. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру кезінде мемлекеттік органдар мен азаматтар арасында пайда болатын дауларды төрелік сот шешеді.

14. Жоғарыда көрсетілген тәртіпті (7, 8, 10, 11 және 13 тармақтарды) ұжымшарларға қолдану ұсынылсын.